

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 115-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған " Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы " және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі:

1) мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 1

т а м ы з д а ғ ы

N

1 1 5 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

P/c N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілердің техникалық-экономикалық негіздемелері мен құрылыс	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		2009 жылғы тамыз

	жобаларының ережесін, келісу және бекіту мерзімдерін бекіту туралы		ЭМРМ	
2.	Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ	2009 жылғы тамыз
3.	Білікті энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу ережесін бекіту туралы	ЭМРМ бұйрығы	ЭМРМ (жинақтау) ТМРА	2009 жылғы тамыз
4.	Электр немесе жылу желілеріне қосатын және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді қосатын ең жақын нүктені айқындау ережесі мен мерзімдерін бекіту туралы	ЭМРМ бұйрығы	ЭМРМ (жинақтау) ТМРА	2009 жылғы тамыз
5.	Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспарын (бағдарламасын) бекіту туралы	ЭМРМ бұйрығы	ЭМРМ	2010 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
м и н и с т р л і г і

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі